





«**ҚАНҚА**» ою-өрнегі тоқыма бұйымдарында қолданылады. Малдың құрап қалған сүйегін тұспалдайды. Алаша, басқұр, бау, т.б. тоқыма бұйымдар негізіндегі өрнек ретінде салынады.



«**ОМЫРТҚА**» ою-өрнегін кестелерден, өрме шилерден, сүйек пен ағаштан жасалған бұйымдардан жиі көреміз. Бұл өрнек түрі омыртқаның түрін тұспалдайды, ол әр түрлі үйлесімде түрленіп, ою композициясының ортасына және жиегіне қолданылады.



«**ЖІЛІНШІК**» ою-өрнегі малдың жілік сүйектерінің негізінде туған атау. Жіліншік өрнегі қатар екі сызық бейнесінен құралатын буынды өрнек (алаша, киіз, тысқап, баулар, басқұрларды безендіруге қолданылады).

«ТІС» ою-өрнегі малдың, аңның тісіне ұқсас, аққара түсті шақпақтан құраламын, шахмат тақтасына ұқсас ою-өрнек. Кесте тізуде бұрыштарын қарама-қарсы түйістіріп отыратын тік сынық сирек тігістердің өрнегінде қолданылады. Мұны «тіс», «иттіс» деп те атай береді.



«ТАҢДАЙ» ою-өрнегі малдың таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан, диагональ тәрізді өрнек. Бұл өрнек ағаш, мүйіз, сүйек заттарының шетіне, киімдердің жағасына, кимешектің жақтауына салынады. Таңдай өрнегі басқа түркі тектес халықтарда да кездеседі.



«ТҮЛКІБАС» ою-өрнегі мысықтың, түлкінің бас бейнесін тұспалдайтын, сопақша дөңгелектерден, алмұрт бейнелерінен құралады. Бұл ою-өрнек сүйекке, ағашқа, шиге, кестенің шетіне салынады. Сондықтан бұйымдарды сүйектен әшекейлегенде сүйекпен ойып «түлкібас» өрнегін түсіреді.



«**БӨРІКӨЗ**» ою-өрнегі бөрінің көзін, қасқырдың басын, құлағын, сондай-ақ «бөріқұлак» деп аталатын жапырақты бейнелейді.



«**ЖЫЛАН**», «жыланбас» ою-өрнегі балалардың тақиясына «көз тимесін» деп тағатын, жыланның бас сүйегіне ұқсас ою-өрнек. Бұл ою-өрнек жыланның бейнесін тұспалдап тұрады

«**ИТҚҰЙРЫҚ**» ою-өрнегінің сырт көрінісі иттің қайқайып тұрған құйрығына ұқсас, көбінесе мұны **сүйек** пен **ағаш**тан жасалған бұйымдардың (**куіз үй** есігі мен ағаш төсектің) бетін бедерлеу үшін, **куіз бұйымдар**ды әшекейлеу үшін қолданады.



«ҚОС ДӨҢГЕЛЕК»

ою-өрнегі мал таңбасына ұқсайды. «Қос дөңгелек» өрнегімен негізінен киіз бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлейді.



«ҚҰСМОЙЫН» ою-өрнегі құстың мойнын тұспалдаудан туған. Бұлар көбінесе мүйіз мәнерімен жасалады. Ол иіле келген доғал тармақты мүйіздерден, ромбтардан, сызықтардан құралады. Құс атына байланысты өрнектердің бәрі қолөнер үлгілерінің барлық түрлеріне тән.



«ҚҰСҚАНАТ» ою-өрнегі мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Ал бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып, ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды. Қазіргі кезде «құсқанаты» ою-өрнегін басқа өрнектермен аралас колдана береді.



«ҚҰСТҰМСЫҚ» бұл өрнек құстың тұмсығын тұспалдаудан туған. «Құстұмсық» тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қизанда ортасындағы сызықтың ұшының басы құстың тұмсығына ұқсас қиылады. «Құстұмсық» жүзік немесе «топсалы» сәлемдеме ретінде, жүзігі туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Тұрмысқа шыққан қызынан орамалға түйілген құстұмсық жүзік келсе, ата-анасы қуанып кершілерін шақырған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың белгісі. Жүзікке қарап ата-анасы қызының ұзатылған жерінің жақсы екендігін біледі.

«ҚАЗТАБАН» ою-өрнегі

Маңғыстаудағы құл пытастарды өрнектеуде көп қолданылған, қаздың табанын тұспалдаған күрделі S элементтерінен тұрады. Бұл оюдың S үлгімен бейнеленетін «ботамойын» оюынан айырмашылығы екі қатар орналасқан SS екі қаздың бейнесін тұспалдайды. Қаздың басы, мойны анық байқалып тұрады.






«ИРЕК», «ИРЕКСУ» өрнектері кейде түзу сызықтардың сынықтары, кейде доғал сынықтардың ұштасуы арқылы жасалады. Ондай сызықтар бірнеше қатар сызықтар түрінде қатарласа келеді. «Ирек», «ирексу» өрнегінің жасалуы кейде бір иректің іші екінші ирекке қарсы келіп «төртбұрыштар» мен «сағатбау», «саты» тәріздес өрнектер жүйесін түзейді. Бұл өрнек: **бешпент, қамзол, шапан, тақия**ның жиегіне орнатылады. Зергерлік бұйымдарда: **сақина, білезік, қапсырма, алқалар**дың жиегінде және **ши, сырмақ**, кебеже, жүкаяқ, табақ ернеулерінде, әдіп тігісте көбірек кездеседі.

«ШЕТОЮ» ою-өрнегін шексіздікке ұластыра ою деп те атайды. Берілген өрнектің бір элементі шексіз қайтапана береді. «Шетою» е с і к т і ң жақтауына, текемет, **сырмақ**, кебеже, **киімкешек**, ыдыс-аяқтың жиегіне сапынатын ою-өрнектер.



«ТҰМАРША» ою-өрнегі үшбұрыш үлгілес болып келеді. Үш гүл, үшбұрыш - осындай тұмарлар тіл-көздөн сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына бойтұмар ретінде де тағылады. **Кілем** бұйымдарының жиегін, киіз, кілем, текеметтің орта тұсын кәмкеруде кездеседі.



«ҚОСТҰМАРША» ою-өрнегі төбесінен түйістірілген екі тұмарша үшбұрыш өрнегі қосылады да, екі геометриялық үшбұрыш жасайды. Бұл өрнектің түрі «тұмарша» өрнегі секілді тіл-көздөн сақтау дегенді білдірмейді, тек эстетикалық тұрғыдан өшекей ретінде қолданылады.



«БАҒАНӨРНЕК» қора төбесінің арқалығын астына тіреп тұратын діңгек ағаш. Осы ағаш секілді ою-өрнек салынатын заттың, бұйымның ортасына келтіріледі, оны негіз қылып алып, жан-жағын басқа өрнектермен бейнелейді. Бұл өрнек асадал, кебежелердің аяқтарында, қырларында, айна қойғыштың шетінде, піспек саптардың жоғарғы жақ басында, адалбақанның бойында жиі ұшырайды және текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.





Орындаған: Абакаева М.Қ

Тексерген: Гүлмира Қайыржанқызы